

OTICON | Real

Қызығушылығыңды жоғалтпа.
Белсенді бол. Мұқият бол.
Өмірдегі дыбыстардың
шынайылығын сезін



oticon
life-changing technology

Сіздің есту қабілетіңіз – әрқашан маңызды



Бізді қоршаған дыбыстар – күлкі, әңгіме, адамдардың жайдары дауыстары – өмірімізде маңызды рөл атқарып, оны ерекше сәттерге толтырады. Жақындарымыздың үні, жайлы кафедегі сыбырлаған дауыстар, табиғаттың шуылы немесе музыканың ырғағы – міне, өмірдің шынайы дыбыстары осылар.

Олар әр күнімізді ұмытылмас етеді және бізді бір-бірімізбен байланыстырады. Соның арқасында ойымыз сергек, зейініміз сақ, айналамыздағы өмірге бейім боламыз.

Біз өміріңізді дыбыстармен қайта жандандырамыз. Есту қабілетінің жоғарылығы миға айналадағы әлемді толық қабылдауға мүмкіндік береді. Ал егер осы мүмкіндіктен айырылсаңыз, қуанышты сәттермен қоса, өмірдегі маңызды оқиғалардан да қағылып қалуыңыз мүмкін.

Аса маңызы жоқ сәттер немесе жалпы көрініс болсын, дыбыстық ақпараттағы олқылықтың орнын толтыру үшін ми үнемі қарқынды жұмыс істеуі керек, ал бұл оның жұмысына үлкен күш түсіреді. Соның салдарынан бір нәрсеге зейін қойып, назар салу қиындай түседі.

Алайда енді **Oticon Real™** есту аппаратының көмегімен өмірдің шынайы дыбысын – дәл, таза әрі мінсіз қалпында қайта сезінуге мүмкіндік бар. Бұл миыңызға бұрынғыдан да үлкен мүмкіндік беретін шешім.

Бәрі **Oticon Real™** құрылғысының өзге есту аппараттарынан ерекшелігінің арқасында қолжетімді. Ол миыңыздың дыбысты табиғи өңдеу тәсілін қолдайтын технологияны пайдаланып, айналаңыздағы толық дыбыстық ортаны естуге мүмкіндік береді. Себебі әрдайым өмір ырғағынан қалыспай, биікте болу үшін есту қабілеті де жақсы болу керек.

Өміріңізге дәл бұрынғыдай дыбыс сапасын қайтарыңыз

Сіз және сіздің миыңыз – басты назарда.

Дыбысты қабылдауда ми да құлағыңыз секілді шешуші рөл атқарады. Миыңыз дыбыстарды түсініп, саралап, өңдейді, нәтижесінде сіз шынымен маңызды нәрселерге назар аудара аласыз.

Oticon Real есту аппараттары бай әрі дәл дыбыстық қабылдауды қамтамасыз етеді. **BrainHearing™** технологиясы миға дыбыстық ортаның барлық негізгі элементіне қол жеткізуге мүмкіндік береді, бұл оның дәстүрлі шешімдерден басты ерекшелігі. Зерттеулер толыққанды дыбыстық өңдеу акустикалық қоршаған орта түгел қабылданған жағдайда ғана мүмкін екенін көрсетеді*.

Нағыз дыбыс ұсақ бөлшектерден басталады.

Oticon Real есту аппараты миыңыз сияқты жұмыс істейді, өйткені ол өз тәжірибесіне сүйеніп үйренеді.

Ол терең нейрондық желілер (Deep Neural Network, **DNN**) деп аталатын бірегей технологияның арқасында миыңызға барлық қажетті дыбыстық ақпаратты жеткізеді. Кіріктірілген зияткерлік жүйе дыбыстың барлық түрін, олардың сипаттамаларын және дұрыс естілуін танып үйренген.

Осының нәтижесінде ол қоршаған ортадағы кез келген өзгеріске лезде бейімделіп, сіздің әрдайым жақсы формада болуыңызға және кез келген жағдайда өзіңізді сенімді сезінуіңізге мүмкіндік береді.



К. * O'Sullivan, J., и соавт. (2019 г.); Hausfeld, L., и соавт. (2018 г.); Puvvada, K. C. и Simon, J. Z. (2017 г.)



Шынайы айырмашылықты естіп сезініңіз

Шынайы айырмашылықты естіп сезініңіз.

Сіз алғашқы есту аппаратыңызды таңдап жатсаңыз да, қолданыстағысын жаңартып жатсаңыз да – **Oticon Real** сізге барынша тиімді қолдау көрсету мақсатында жасалған нақты артықшылықтарды ұсынады.

Әңгімеге белсене араласыңыз.

Сөйлеудің жақсы естілуі мен оның анықтылығының арқасында **Oticon Real** әңгімелерді оңай қадағалап, зейін қойып тыңдауыңызға және өзіңізді сенімді сезінуіңізге көмектеседі.

Тіпті желді ауа райында да сөз анық естіледі.

Зейін қою күшін күш жұмсаудың қажеті жоқ

Нақты жағдайларда жүргізілген сынақтар **Oticon Real** айналада шу болса да, дыбысты қабылдаудағы когнитивтік жүктемені азайтатынын көрсетеді.

**** Осының арқасында шынымен маңызды нәрселерге энергияңызды сақтап қаласыз.**

Егер сіз есту аппаратын бұрыннан қолданып жүрсеңіз, **Oticon Real** дыбыс сапасын мүлде жаңа деңгейге көтереді. Ол жайлылықты алдыңғы қатарлы технологиялармен ұштастыра отырып, кенеттен шығатын және әлсіз дыбыстарды, сондай-ақ желдің шуын және шашқа не көзілдірікке тигендегі жанасу дыбыстарын лезде теңестіреді.

* Gad және т.б. (2023). Жел мен жанасу шуын тұрақтандырғыш: дәлелді база және пайдаланушыларға арналған артықшылықтар. Oticon есебі.

** Santurette және т.б. (2023). Кенеттен шығатын дыбысты тұрақтандырғыш: дәлелді база және пайдаланушыларға арналған артықшылықтар. Oticon есебі.

Сандық әлемге қосылыңыз



iPhone® және Android™ құрылғыларының дыбысын тікелей қосыңыз

Phone, iPad® және Android құрылғыларынан тікелей ағын арқылы шыққан жоғары сапалы аудионы тыңдаңыз*.



Hands-free (еркін қол) режиміндегі қоңыраулар

Қазіргі заманғы кез келген смартфоннан hands-free режимінде қоңырау шалу үшін ConnectClip аксессуарын пайдаланыңыз.




Теледидардың дыбысын тікелей қосу

Oticon ТВ-адаптері арқылы теледидардағы дыбысты тікелей есту аппаратыңызға қосуға болады.



Сыртқы микрофонды қосу

ConnectClip көмегімен сөйлесушінің дауысын сымсыз түрде тікелей есту аппараттарыңызға жеткізу.



Made for

iPhone | iPad

Works with

android



Download on the
App Store



GET IT ON
Google Play

Apple, the Apple logo, iPhone, iPad, and iPod touch are trademarks of Apple Inc., registered in the U.S. and other countries. App Store is a service mark of Apple Inc. Android, Google Play, and the Google Play logo are trademarks of Google LLC.



Oticon Companion – басқару өз қолыңызда.

Жаңа **Oticon Companion** қосымшасы арқылы есту аппаратын оңай басқаруға болады: оларды баптау, жоғалып кеткен жағдайда табу, қосылған құрылғыларды бақылау және есту жөніндегі маманыңыздан қашықтан қолдау алу мүмкіндігі бар.

Толық ақпарат алу үшін oticon.global/connectivity сайтына кіріңіз.

* Сымсыз байланыс функциясы iOS 15.2 және одан жоғары нұсқасы орнатылған iPhone 11 және одан кейінгі модельдерге, сондай-ақ iPadOS 15.2 және одан жоғары нұсқадағы iPad құрылғыларына қолжетімді.

** Oticon Real құрылғысына тікелей ағынмен дыбыс беру үшін Android құрылғылары ASHA (Audio Streaming for Hearing Aids) технологиясын қолдайы тиіс. Қосымша ақпаратты oticon.global/compatibility сайтынан таба аласыз.

Сіздің күш-қуатыңыз бен әрбір сәтке сенімділігіңіз



* SmartCharger көмегімен еркіндікті сезініңіз.

Бірнеше рет жүлде алған бұл құрылғы кіріктірілген сыртқы аккумулятордың (power bank) арқасында есту аппаратын жол үстінде де зарядтауға мүмкіндік береді.

- Сәнді қапшық есту аппаратын тақпаған кезде олардың құрғақ сақталуын және қауіпсіздігін қамтамасыз етеді.
- Есту аппаратын үш сағатта толық зарядтау* күні бойы белсенді болуға мүмкіндік береді**.
- 30 минуттық жедел зарядтау қосымша алты сағат жұмыс істеуге мүмкіндік береді***.

Үстел үсті зарядтау құрылғысымен күнделікті жайлылықты сезініңіз.

Біз сондай-ақ қолданылуы ыңғайлы әрі қарапайым, берік, сәнді үстел үсті зарядтау құрылғысын да ұсынамыз. Сіз кешке есту аппаратын қуаттағышқа қойсаңыз, таңертең ол толықтай қуатталған, күні бойы пайдалануға дайын күйде болады**.

Сәнділік пен даралық

Oticon Real – бұл тек айрықша дыбыс сапасы ғана емес, сонымен қатар, таңдау еркіндігі. Тоғыз түрлі түс пен екі түрлі қуат көзінің (қайта қуатталатын немесе бір реттік батареялар) арқасында сіз өз өмір салтыңыз бен стилиңізге мінсіз сай келетін үлгіні оңай таба аласыз.



Silver



Silver Grey



Steel Grey



Diamond Black



Chestnut Brown



Terracotta



Chroma Beige



Olive Green
Available for miniRITE R only



Hear Pink

* miniBTE R моделі – үш жарым сағат.

** Литий-ионды аккумулятордың жұмыс өнімділігі есту қабілетінің жоғалу деңгейіне, өмір салтына және дыбыс ағынының қарқындылығына байланысты.

*** miniBTE R моделі – қосымша бес сағат жұмыс жасайды.

life-changing
technology

Қазақстан Республикасы
«ӘБЕО орталығы» ЖШС
050008, Алматы қ.,
Байзақов көш., 273 В
тел.: 8 (727) 395 83 26
8 (727) 395 85 11
8 (727) 395 83 40
info@satr.kz
www.satr.kz